

«БЕКІТЕМІН»
«№27 ЖББМ» КММ
директоры
Ә.М. Игілікова

«02» сәуірісә 2024 ж

Қарағанды облысы білім басқармасының
Теміртау қаласы білім бөлімінің
«№27 жалпы білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ҚОББ Теміртау қ. ББ «№27 ЖББМ» КММ
қызметкерлері мен оқушыларының
ішкі еңбек тәртібі ережелері

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Қарағанды облысы білім басқармасының Теміртау қаласы білім бөлімінің «№27 жалпы білім беретін мектебі» КММ еңбек тәртібі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарының ішкі еңбек тәртібінің үлгілік қағидаларына сәйкес, әкімшіліктің ұсынуы бойынша педагогикалық кеңеспен бекітілетін Ішкі еңбек тәртібінің үлгілік қағидалары негізінде айкындалады.

1.2. Ішкі еңбек тәртібі қағидаларын қолдануға байланысты барлық мәселелер мектеп әкімшілігіне берілген өкілеттіктер шегінде, сондай-ақ қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларда кәсіподақ комитетімен бірлесіп немесе келісу арқылы шешіледі.

1.3. Білім беру ұйымының ішкі еңбек тәртібі қағидаларының мақсаты – оқу процесі кезінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ұйым мен оның аумағында тәртіп пен еңбек тәртібін сақтау, сондай-ақ ұйым Жарғысында айқындалған білім беру процесінің мақсаттары мен міндеттерін табысты іске асыруды қамтамасыз ету.

1.4. Осы ішкі еңбек тәртібі қағидалары ұйымның барлық қызметкерлері мен білім алушыларына және олардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне) міндетті болып табылады. Аталған қағидаларды орындамау әкімшілік шаралар қабылдауға негіз бола алады.

II. БАЛАЛАРДЫ МЕКТЕПКЕ ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ШЫҒАРУ
ТӘРТІБІ

2.1. Балаларды мектепке қабылдау тәртібі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы №564 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі

қағидаларына» және «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызмет стандартына сәйкес жүргізіледі.

2.2. Балаларды мектепке қабылдау ата-аналардың (занды өкілдердің) өтініші негізінде, туу туралы куәлік пен баланың медициналық картасы болған жағдайда жүзеге асырылады. Өтініш арнайы үлгідегі журналға тіркеледі және ата-аналарға құжаттарды қабылдау туралы растау беріледі. Қажетті құжаттар:

- 3x4 өлшеміндегі 2 фотосурет;
- өтініш;
- туу туралы куәліктің көшірмесі;
- дәрігерлік кәсіби-консультациялық қорытынды;
- № 052-2/у және № 065/у нысандағы медициналық анықтамалар;
- педагогикалық-медициналық-психологиялық комиссияның қорытындысы

(болған жағдайда).

2.3. Бірінші сыныпқа қабылданатын балалардың ата-аналарының (занды өкілдерінің) өтініштері жыл сайын 2.5-тармақтың ережелерін сақтай отырып қабылданады.

2.4. 10-сыныпқа оқушылар төмендегі құжаттар негізінде қабылданады:

- ата-аналардың өтініші;
- негізгі орта білім туралы аттестат;
- денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама (№ 052-2/у және №

065/у нысандары);

- 3x4 өлшеміндегі 2 фотосурет.

10-сыныпқа оқушыларды қабылдау педагогикалық кеңестің ұсынымдарын ескере, 2.2 және 2.5-тармақтарының талаптарын сақтай отырып жүзеге асырылады немесе ата-аналардың өтініші мен негізгі орта білім туралы аттестат негізінде ауыстырылады.

2.5. Өтініш берген кезде ата-аналар ата-ана құқығын растайтын құжаттарды көрсетуге міндетті.

2.6. Оқушыларды мектепке қабылдау барысында мектеп әкімшілігі ата-аналарды (занды өкілдерін) төмендегі құжаттармен таныстыруға міндетті:

- «№27 ЖББМ» КММ-нің Жарғысы;
- Білім беру қызметін жүргізу құқығына берілген лицензия және оған қосымшалар;

- Үлгілік келісім-шарт және ның қосымшасы;

- Осы Ішкі еңбек тәртібінің ережелерімен.

2.7. 1 және 10-сынып оқушыларын қабылдау туралы бұйрық осы жылдың бірінші қыркүйегінде шығарылады.

2.8. Баланы мектепке қабылдау туралы бұйрық шыққаннан кейін оқушылардың әліпби реттілікте толтырылатын кітапқа жазылады.

2.9. Әрбір оқушыға белгіленген талаптарға сәйкес жеке іс жүргізіледі. Жеке істің нөмірі оқушылардың әліпби реттілікте толтырылатын кітаптағы нөмірге сәйкес беріледі.

2.10. Оқушы шығарылған жағдайда әліпби кітапқа баланың қайда кеткені және шығу себебі (мектеп бұйрығы бойынша) көрсетіліп жазылады.

2.11. Оқушылардың жеке істері мектепте сақталады. Оқушы басқа жалпы білім беретін ұйымға ауысқан жағдайда жеке іс ата-анасына олардың жазбаша

өтініші негізінде беріледі. Егер оқушы оқу жылы барысында бір мектептен екіншісіне ауысса, 2.5-тармақта көрсетілген құжаттармен қатар оқушының үлгерім ведомосі директордың қолы мен мектеп мөрімен расталып қоса беріледі.

2.12. Мектепке тиісті деңгейде білім алуға құқығы бар барлық азаматтар қабылданады. Балаларды мектепке қабылдаудан негізсіз бас тартуға немесе конкурстық негізде қабылдауға жол берілмейді.

2.13. Оқушыларды мектептен шығару Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында көзделген негіздер бойынша ғана жүзеге асырылады.

2.14. Оқушыны басқа білім беру ұйымына ауысуына байланысты шығару кезінде, міндетті жалпы орта білім беру туралы заңнаманың сақталуын бақылау мақсатында, оқушының ата-анасы баланың құжаттарды тапсырғаннан кейін сол мектепке қабылданатынын растайтын анықтаманы ұсынуы тиіс.

III. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ЖҰМЫСҚА ҚАБЫЛДАУ, АУЫСТЫРУ ЖӘНЕ ЖҰМЫСТАН БОСАТУ ТӘРТІБІ

3.1. Қызметкерлердің еңбек ету құқығы осы мектепте жұмыс істейтінін растайтын еңбек шартына қол қойылған кезде жүзеге асырылады.

3.2. Жұмысқа қабылдау мектеп директорының бұйрығымен рәсімделеді. Шарттың талаптары еңбек заңнамасында кепілдік берілген жағдайлардан төмен болмауы тиіс. Шығарылған бұйрықпен қызметкер танысып, қол қояды.

3.3. Жұмысқа қабылдау және еңбек шартын жасасу кезінде қабылданушы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 32-бабына сәйкес мынадай құжаттарды ұсынады:

- төлқұжат немесе жеке куәлік (қандастар – қандас куәлігі, ықтиярхат немесе азаматтығы жоқ адамның куәлігі /шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалар үшін/ не босқын куәлігі);

- еңбек кітапшасы (еңбек шарты бойынша алғаш рет жұмысқа орналасатындар үшін – жұмыс орны берген соңғы атқарған қызметі туралы анықтама, ал Қарулы Күштер қатарынан босатылғандар үшін – әскери билет);

- білімі мен кәсіптік даярлығы туралы құжаттар;

- біліктілік берілгенін растайтын куәлік;

- тұрғылықты жері бойынша емхана берген мектепте жұмыс істеуге денсаулығына қарсы көрсетілімдердің жоқтығы туралы медициналық қорытынды, сондай-ақ жұмысқа қабылдау сәтінде заңда белгіленген өзге де медициналық құжаттар;

- Egov порталынан алынған соттылығының жоқтығы туралы анықтама, психоневрологиялық диспансер, наркологиялық диспансер, фтизиатриядан анықтамалар.

3.4. Қоса атқарушылық бойынша жұмысқа орналасатын азаматтар негізгі жұмыс орнынан атқаратын лауазымы мен жұмыс кестесі көрсетілген анықтама, еңбек өтіліне байланысты белгіленетін Бірыңғай тарифтік кесте разряды, сондай-ақ негізгі жұмыс орнындағы әкімшілік растаған еңбек кітапшасынан көшірме тапсырады.

3.5. Қызметкерді жұмысқа қабылдау немесе белгіленген тәртіппен басқа жұмысқа ауыстыру кезінде әкімшілік оны мынадай құжаттармен таныстыруға міндетті:

- мекеменің жарғысы;

- ұжымдық еңбек шарты;
- ішкі еңбек тәртіп ережелері;
- лауазымдық міндеттері (нұсқаулықтары);
- еңбек қорғау және өрт қауіпсіздігі жөніндегі бұйрықтар.

Сонымен қатар «Еңбек қорғау және қауіпсіздік бойынша бастапқы нұсқаулық журналына» белгі қоя отырып, еңбек қорғау бойынша бастапқы нұсқаулық өткізіледі, еңбек жағдайлары және еңбекақы туралы ақпарат беріледі.

3.6. Еңбек шартын тоқтату Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша ғана жүзеге асырылады.

3.7. Бес күннен артық жұмыс істеген барлық қызметкерлерге белгіленген тәртіппен еңбек кітапшалары жүргізіледі. Қызметкерлердің еңбек кітапшалары мектепте қатаң есептегі құжат ретінде сақталады.

3.8. Әр қызметкерге жеке іс ашылады. Ол кадр есебі бойынша жеке парақтан, Т-2 нысанындағы жеке карточкадан, өмірбаянынан, білімі, біліктілігі, кәсіптік даярлығы туралы құжаттардың көшірмелерінен, соттылығы жоқтығы туралы анықтамадан, 3х4 өлшеміндегі 2 фотосуреттен, мектепте жұмыс істеуге денсаулығына қарсы көрсетілімдердің жоқтығы жөніндегі қорытындысы бар медициналық кітапшадан, тағайындау, ауыстыру, көтермелеу және жұмыстан босату туралы бұйрықтардан алынған үзінділерден тұрады. Қызметкер жұмыстан босатылғаннан кейін оның жеке ісі мектепте сақталады.

3.9. Қызметкерді басқа жұмысқа ауыстыру тек оның келісімімен жүзеге асырылады, заңда қызметкердің келісімінсіз уақытша ауыстыруға жол берілетін жағдайларды қоспағанда (өндірістік қажеттілікке байланысты, жұмыс орнында уақытша болмаған қызметкерді алмастыру үшін және жұмыс тоқтаған жағдайда, оның ішінде ішінара жұмыс тоқтағанда).

3.10. Мектеп жұмысын ұйымдастыруда өндірістік қажеттілікке және еңбек үдерісін ұйымдастыруға байланысты (сыныптар санының өзгеруі, оқу жоспары, мектептің жұмыс тәртібі, жаңа оқыту және тәрбие формаларының енгізілуі және т.б.) қызметкер бұрынғы лауазымында, мамандығында, біліктілігінде қала отырып, оның еңбегінің елеулі шарттары өзгертілуі мүмкін: еңбекақы төлеу жүйесі, жеңілдіктер, жұмыс режимі, оқу жүктемесінің көлемі, оның ішінде толық емес жұмыс уақытын белгілеу немесе алып тастау, қосымша жұмыс түрлерін (сынып жетекшілігі, кабинетке, шеберханаға жетекшілік жасау және т.б.) белгілеу немесе алып тастау, лауазымды қоса атқару, сондай-ақ еңбектің басқа да елеулі шарттарын өзгертуге жол беріледі. Қызметкерге еңбек жағдайларының елеулі өзгерісі туралы кемінде бір ай бұрын хабарлану тиіс. Бұрынғы еңбек жағдайлары сақталмайтын жағдайда, егер қызметкер жаңа жағдайларда жұмысын жалғастыруға келіспесе, еңбек шарты тоқтатылады.

3.11. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес, белгілі бір мерзімге еңбек шартына отырған қызметкерлер мұндай шартты мерзімінен бұрын тоқтата алмайды.

3.12. а) Қызметкерді қысқарту немесе штат санын азайтуға байланысты, не атқарып отырған лауазымына сәйкес келмеген жағдайда жұмыстан босату, жұмыстан шығарылатын қызметкерді оның келісімімен басқа жұмысқа ауыстыру мүмкін болмаған жағдайда ғана жүзеге асырылады.

3.13. б) Қызметкерді бірнеше рет еңбек міндеттерін, дәлелсіз себептермен орындамағаны үшін; себепсіз жұмыстан қалғаны немесе жұмыс күні ішінде үш

сағаттан артық жұмыс орнында болмағаны үшін; жұмысқа мас күйінде, есірткі немесе масаң күйінде келгені үшін; тәрбиелік қызмет атқаратын қызметкердің атқаратын жұмысына сәйкес келмейтін ар-намысқа қарсы әрекет жасағаны үшін жұмыстан шығару, қызметкердің жасаған теріс қылығы бойынша кінәсі дәлелденген жағдайда ғана, кәсіподақ комитетінің келісімінсіз жүзеге асырылады.

3.14. Жұмыстан шығару күні қызметкермен толық есеп айырысу болады және оған тиісті түрде рәсімделген еңбек кітапшасы, сондай-ақ аттестациядан өткенін растайтын құжат беріледі. Еңбек кітапшасына жұмыстан шығару себебі заңнамадағы тұжырымдарға сәйкес, заң бабы мен тармағына сілтеме жасай отырып енгізіледі. Заңда көрсетілген жеңілдіктер мен артықшылықтар беруді көздеген жағдайларда, еңбек кітапшасына тиісті жазба себептері жазылады.

IV. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ МІНДЕТТЕРІ

4.1 Мектеп қызметкерлері міндетті:

а) адал да жауапкершілікпен еңбек етуге, мектеп Жарғысын, Ішкі тәртіп ережелерін, мектептің оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруға қатысты мекеме ішіндегі актілерді (ережелерін) қатаң сақтауға, еңбек тәртібін орындауға: жұмысқа уақытында келуге, белгіленген жұмыс уақытын сақтауға, әкімшіліктің нұсқауларын және жұмыс жоспарларын (апталық, жылдық) уақытылы әрі дәл орындауға;

Жұмыс орнында және қоғамдық орындарда мәдениетті болуға, ұжымдағы әдеп, мінез-құлық нормаларын сақтауға, ата-аналармен және мектеп ұжымы мүшелерімен сыпайы әрі ілтипатты қарым-қатынас жасауға;

б) кәсіби біліктілігін жүйелі түрде, үш жылдан қалмай арттырып отыруға;

в) мектепте де, мектептен тыс жерлерде де мінез-құлық мен моральдық борышын орындауда үлгі болуға;

г) қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі талаптарын толық сақтауға, тиісті ережелер мен нұсқаулықтарға бағынуға; барлық жазатайым жағдайлар туралы дереу әкімшілікке хабарлауға;

д) қоғамдық мүлікті қорғауға және оқушыларда мемлекеттік мүлікке ұқыпты қарау дағдысын қалыптастыруға;

е) заңда белгіленген мерзімде жыл сайын медициналық тексеруден өтуге.

4.2 Жұмыс орнын, жиһазды, құрал-жабдықтар мен аспаптарды жарамды әрі ұқыпты күйде ұстауға, мектеп ішіндегі тазалықты сақтауға. Жаңа оқу жылы басталғанға дейін жұмыс орнын дайындап, кабинетті талаптарға сай безендіруге, немқұрайдығы мен ұқыпсыздығы салдарынан кеткен ақауларды түзетуге.

4.3 Мектеп мүлкін сақтау, материалдарды ұқыпты пайдалану, электр қуатын, жылу мен суды үнемді жұмсау.

4.4 Нормативтік құжаттарға сәйкес белгіленген құжаттаманы уақытылы толтырып, ұқыпты жүргізу.

4.5 Сабақ кестесіне сәйкес өз сабақтарының басталуына 20 минут қалғанда жұмысқа келу.

4.6 Әр қызметкердің лауазымына, мамандығына және біліктілігіне сәйкес нақты функционалдық міндеттері біліктілік сипаттамаларына, тарификациялық анықтамаларға және нормативтік құжаттарға негізделіп, мектеп директоры бекіткен лауазымдық нұсқаулықтармен айқындалады.

4.7 Педагогикалық қызметкерлер білім алушылардың өмірі мен денсаулығына тек оқу процесі барысында ғана емес, сабақ басталғанға дейінгі 25

минутта және сабақ аяқталғаннан кейінгі 25 минутта, сондай-ақ тәрбиелік және сыныптан тыс іс-шаралар кезінде, егер бұл уақытта білім алушылар мектептің ішінде немесе оның айналасында болған жағдайда, жауапты болады.

IV. ӘКІМШІЛІКТІҢ МІНДЕТТЕРІ

Мектеп әкімшілігі міндетті:

5.1 Педагогтар мен басқа да қызметкерлердің еңбегін олардың мамандығы мен біліктілігіне сәйкес ұйымдастыруға, әр қызметкерге нақты жұмыс орнын бекітіп беруге, сабақ кестесімен және жұмыс кестесімен дер кезінде таныстыруға, педагог қызметкерлерін еңбек демалысына шығар алдында келесі оқу жылындағы оқу жүктемесі туралы хабардар етуге.

5.2 Еңбек пен оқуға денсаулыққа қолайлы және қауіпсіз жағдайларды қамтамасыз етуге, ғимарат пен басқа да жабдықтардың жарамды күйін сақтауға.

5.3 Білім беру процесінің сапасын лауазымдық міндеттерге сәйкес бақылауды жүзеге асыруға: сабақтарға қатысу және талдау жүргізу, мектепшілік бақылау жоспарын орындау, әкімшілік бақылау жұмыстарын ұйымдастыру және т.б., сабақ кестелерінің сақталуын, білім беру бағдарламаларының, оқу жоспарларының, оқу жылының күнтізбелік кестелерінің және басқа да нормативтік актілердің орындалуын қамтамасыз етуге.

5.4 Мектеп қызметін жетілдіруге бағытталған қызметкерлердің ұсыныстарын уақытылы қарастыруға.

5.5 Белгіленген мерзімде еңбекақы бойынша табель жүргізуге, қызметкерлердің еңбек жағдайларының сақталуына жүйелі түрде бақылау жасауға.

5.6 Осы ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес оқу және еңбек тәртібін қамтамасыз ету жөнінде тиісті шаралар қабылдауға.

5.7 Еңбек туралы заңнаманы сақтауға, қызметкерлер мен оқушылардың еңбек жағдайларын жақсартуға, барлық жұмыс орындары мен демалыс орындарын тиісті санитарлық-техникалық жабдықтармен қамтамасыз етуге, еңбек жағдайларын еңбек қорғау, қауіпсіздік техникасы және санитарлық ережелерге сәйкес жасауға.

5.8 Қызметкерлер мен оқушылардың қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі, санитария мен гигиена жөніндегі барлық талаптар мен нұсқаулықтарды білуі мен сақталуын тұрақты бақылауға.

5.9 Қызметкерлер мен оқушылардың жарақаттануының, кәсіби және өзге де ауруларының алдын алу бойынша қажетті шаралар қабылдауға.

5.10 Барлық мектеп қызметкерлеріне еңбек демалысын осы жылдың 1 мамырына дейін бекітілетін кестелерге сәйкес уақытылы беруге, белгіленген демалыс немесе мереке күнінде жұмысқа шыққан жағдайда басқа күнді демалыс ретінде өтеуге, жұмыс уақытынан тыс кезекшілік үшін демалыс беруге.

5.11 Педагогтар мен мектептің басқа да қызметкерлерінің біліктілігін жүйелі түрде арттыруды қамтамасыз етуге.

IV. ОҚУШЫЛАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ

6.1. Оқушылар мектепке бекітілген мектеп формасында келеді.

6.1.1. «№27 жалпы білім беретін мектеп» КММ-нің мектеп формасы оқу процесінің зайырлы сипатына сәйкес болуы тиіс. Мектеп формасына түрлі діни конфессияларға тиесілі киім элементтерін енгізуге жол берілмейді. Мектеп формасының үлгісі мен түсі классикалық стильде, бірыңғай түсті гаммада

сақталады, үш түстен артық қоспаға рұқсат етілмейді. Мектеп формасының негізгі түсі – қою көк, біркелкі реңкте таңдалған.

6.1.2. Ер балалардың мектеп формасына мыналар кіреді: пиджак, жилет, шалбар, мерекелік ақ көйлек, күнделікті көйлек немесе тоқыма жейде/кардиган (түймелі немесе сыдырмалы), поло-көйлек немесе тенниска. Қысқы кезеңде: тоқыма жилет, водолазка. Ер балалардың шалбары кең пішімді, ұзындығы бойынша аяқтың тобығын жауып тұруы қажет.

6.1.3. Қыз балалардың мектеп формасына мыналар кіреді: пиджак, жилет, тізеге дейінгі ұзындықтағы юбка, классикалық шалбар, классикалық үлгідегі көйлек-блуза немесе тоқыма жейде/кардиган (түймелі немесе сыдырмалы), поло-көйлек немесе тенниска. Қысқы кезеңде: тоқыма жилет көк түсті, сарафан, ақ блуза немесе ақ водолазка. Қыз балалардың шалбары кең пішімді, ұзындығы бойынша аяқтың тобығын жауып тұруы қажет. Аяқ киім классикалық үлгіде, қыз балалардың туфлиі мен етігінің өкшесі 5 см-ден аспауы тиіс.

6.1.4. Спорттық форма ұлдар мен қыздарға ортақ: спорттық костюм, ақ футболка, спорттық аяқ киім (кроссовки, кеңді).

6.1.5. Суық ауа райында мектеп формасын қою көк түсті классикалық джемперлермен, кардигандармен, жилеттермен, біртекті водолазкалармен толықтыруға болады. Барлығы мектеп киімінің түсімен сәйкес келуі тиіс.

6.1.6. Мектеп формасы ретінде зақымдайтын элементтер бар киім мен аксессуарларды киюге тыйым салынады. Блузка мен көйлектерде түрлі жапсырмалар, жазулар және т.б. элементтердің болуына жол берілмейді.

6.1.7. Мектепте тым қысқа блузкалар, майкалар мен юбкалар, ашық аппликациясы бар футболкалар, тар джинсылар, үй киімі мен кешкі көйлектерді киюге рұқсат етілмейді.

6.1.8. Пирсинг, татуировка, көзге көрінетін қанық макияж, шаштың ашық түске боялуы және өзге де экзотикалық әшекейлер мен шаш үлгілері қабылданбайды.

6.1.9. Шашқа қойылатын талап:

Шаш үлгісі жинақы болуы тиіс. Орташа және ұзын шашты міндетті түрде жинау керек. Шаштың түсі табиғи реңкке жақын болғаны абзал.

6.1.10. Қолда:

Тырнақтың ұзындығы ыңғайлы болуы тиіс. Тырнақтар таза әрі ұқыпты қыркылған болуы қажет. Лактың түсі де табиғи болып, қанық түстер мен тым айқын дизайннан аулақ болу керек.

6.1.11. Гигиена мен бояу түрлері:

Бетті әрлегенде бояу күндізгі, жеңіл, табиғи реңкте болуы тиіс.

6.1.12. Парфюмериялық және косметикалық құралдар жеңіл, бейтарап иісті болуы тиіс.

6.1.13. Ата-аналар немесе заңды өкілдер мектеп Жарғысының, Ішкі тәртіп ережелерінің және ҚР БҒМ-нің 2016 жылғы 14 қаңтардағы бұйрығының (2025 жылғы 30 сәуірдегі өзгерістерімен) талаптарына сәйкес «№27 жалпы білім беретін мектеп» КММ-нің міндетті мектеп формасын сақтауды қамтамасыз етуге тиіс.

6.2. **Оқушылардың құқықтары (оқушы дауысы):**

6.2.1. мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес негізгі білім беру бағдарламасы бойынша сапалы білім алуға;

6.2.2. негізгі орта білімді алғаннан кейін білім беру қызметін жүзеге асыратын ұйымды және оқыту нысанын тандауға;

6.2.3. мектеп Жарғысымен және ұйым қызметін реттейтін өзге де жергілікті актілермен танысуға;

6.2.4. жеке оқу жоспарлары бойынша немесе жеделдетілген оқу курсы шеңберінде білім алуға;

6.2.5. факультативтік, элективтік пәндерді, курстарды, оқу пәндерін жеке өтініш (ата-аналардың өтініші) негізінде таңдауға;

6.2.6. ар-намысының құрметтелуіне, жеке тұлғаның ар-ожданын кемсітуден, барлық түрдегі психикалық және физикалық зорлық-зомбылықтан қорғалуға; білім алу үдерісінде өмірі мен денсаулығының сақталуына;

6.2.7. ар-ождан және ақпарат еркіндігіне, өз көзқарасы мен сенімін еркін білдіруге;

6.2.8. оқу жоспарында көзделген іс-шараларға қатысуға;

6.2.9. білім беру ұйымының кітапхана-ақпараттық ресурстарын, мәдениет пен спорт нысандарын тегін пайдалануға;

6.2.10. шығармашылық қабілеттері мен қызығушылықтарын дамытуға, соның ішінде байқауларға, олимпиадаларға, көрмелерге, спорттық және мәдени іс-шараларға қатысуға;

6.2.11. сабақ ұйымдастыру, факультативтер, санитарлық-гигиеналық жағдайды жақсарту, тамақтану тәртібі мен сапасын қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар енгізуге.

Еңбек қызметіне, мектепті абаттандыруға, қоғамдық пайдалы еңбекке байланысты іс-шараларға қатысуға.

6.3. Оқушылар міндетті:

6.3.1. Ішкі тәртіп ережелерін, өзін-өзі басқару органдары мен Мектеп парламентінің шешімдерін, мектеп директорының бұйрықтарын, директор бекіткен Ережелер мен мекеме ішінде шығарылатын актілерді сақтауға;

6.3.2. басқа оқушылардың, мектеп қызметкерлерінің құқықтарын, ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге, олардың мүдделерін шектемеуге, кіші сынып оқушыларына көмек беруге, мәдениетті мінез-құлық нормаларын сақтауға; тәртіпті болуға, мектепте және одан тыс жерде қоғамдық тәртіпті сақтауға, мектеп формасына қойылған талаптарды орындауға, сырт келбетін қадағалауға;

6.3.3. қажетті оқу құралдарын, кітаптарды, дәптерді, күнделікті алып жүруге, сабақ кестесіне сәйкес үй тапсырмаларын орындап, дайын болып келуге;

6.3.4. оқуға саналы қарауға, сабақтарға және өзге де іс-шараларға уақытылы келуге, жұмыс орнында тәртіп сақтауға, сабақтарды босатқан жағдайда тиісті мекемелерден ресми құжат немесе ата-аналардың өтінішін, түсіндірмесін ұсынуға;

6.3.5. мектеп мүлкін сақтауға, басқа адамдардың еңбегінің нәтижесіне, абаттандырылған жасыл желектерге ұқыпты қарауға;

6.3.6. электр энергиясын, суды, химиялық жабдықтар мен басқа да материалдарды үнемді пайдалануға;

6.3.7. мектеп қызметкерлерінің мектеп Жарғысында белгіленген талаптарын орындауға;

6.3.8. сабаққа келмеген жағдайда немесе басқа да дәлелді себептермен (ауырған және т.б. жағдайлар) сол күнгі сабақ басталғанға дейін сынып жетекшісіне хабарлап, сабаққа шыққан күні медициналық анықтама ұсынуға;

6.3.9. өз денсаулығын күтуге, адамгершілік, дене тәрбиесі мен рухани дамуға, өзін-өзі жетілдіруге ұмтылуға;

6.3.10. мұғалімдермен, ата-аналармен, ересектермен, мектепке келген қонақтармен кездескенде сәлемдесіп, жол беруге;

6.3.11. мұғалімдер бөлмесіне рұқсатсыз кіруге болмайды;

6.3.12. сабақ аяқталғаннан кейін пән мұғалімдері оқушылардың киімдерін киіп, мектеп айналасынан шыққанын бақылауға тиіс.

6.4. Мектеп оқушыларына тыйым салынады:

6.4.1. пиротехникалық құралдарды, алкогольді ішімдіктерді, темекі, уытты және есірткі заттарын әкелу, тасымалдау немесе пайдалануға;

6.4.2. мектепте және оның айналасында темекі шегу – Ішкі тәртіп ережелерін, санитарлық-гигиеналық нормаларды, өрт қауіпсіздігін өрескел бұзу болып табылады және жасөспірімге де, оның ата-анасына да әкімшілік жаза қолданылады;

6.4.3. алкогольді ішімдіктер ішуі және есірткі заттарын қолданғаны үшін оқушы наркологтың есебіне қойылып, әкімшілік жауапкершілікке тартылады;

6.4.4. жарылыс пен өртке әкелуі мүмкін кез келген құралдар мен заттарды пайдалануға;

6.4.5. мектептегі қоғамдық тәртіпті, мектеп Жарғысын, ішкі тәртіп ережелерін бұзуға;

6.4.6. оқу процесі кезінде мектепте ұялы байланыс құралдарын, плеерлерді, электронды ойындарды пайдалануға;

6.4.7. басқа оқушыларға және мектеп қызметкерлеріне қатысты дөрекі сөздер мен балағат айтуға;

6.4.8. сабаққа қатысы жоқ заттарды мектепке әкелуге;

6.4.9. арада туындаған мәселелерді шешу үшін күш қолдану, қорқыту, үркіту, ақша немесе зат талап етуге;

6.4.10. айналадағыларға, өз өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін кез келген әрекеттер жасауға;

6.4.11. мектепке пісте (шемішке) әкелуге;

6.4.12. қабырғаларға, жиһаздарға жазу жазу, оларды дұрыс пайдаланбау, сызу, сындыру, мектеп мүлкін бүлдіруге;

6.4.13. мектепке тиесілі кітаптарға, оқу құралдарына жазу, беттерін жыртуға;

6.4.14. мектептің ішінде, айналасында қоқыс тастауға; қоқысты тек арнайы шелектерге тастау қажет;

6.4.15. сабақ кезінде мектеп дәліздерінде жүруге;

6.4.16. баспалдақтарда, терезе маңында және ойынға арналмаған басқа жерлерде жүгіріп жүруге;

6.4.17. көпшілік оқушы жиналған жағдайда әдейі бөгет жасауға;

6.4.18. мектептен немесе сабақтан өз бетінше кетіп қалуға;

6.4.19. сыныптардың кілтін алу, кабинеттерге бекініп қалу, терезелерді өздігінен ашуға;

6.4.20. әкімшіліктің рұқсатынсыз кабинеттен, зертханадан немесе басқа бөлмелерден құрал-жабдықты, мүкәммалды алып шығуға;

6.4.21. сырт киіммен, лас аяқ киіммен, бас киіммен мектеп ішінде жүруге.

6.5. Оқушылардың мектепке сабаққа қатысуы және сыртқы келбетіне қойылатын талаптар

6.5.1. Оқушы мектепке барар жолда қоршаған ортаны дұрыс бақылап, жол қозғалысы ережелерін бұзбай қауіпсіз бағытты таңдауы және техника қауіпсіздігін сақтауы тиіс. Қоғамдық көлікте оқушы тәртіп ережелерін және қауіпсіздік шараларын орындауға міндетті.

6.5.2. Оқушылардың мектепке келу тәртібі сабақ және қосымша сабақ кестесіне, мектеп директоры бекіткен кестеге сәйкес, сондай-ақ мектепте болу керек уақыт ережелеріне сәйкес сағат 7:35-тен және 20:00-ден кешікпейтін уақыт аралығында бола алады.

6.5.3. Оқушы сабақ басталғанға дейін 15 минут бұрын мектепке келіп, мектептің ішкі тәртібіне сәйкес бекітілген мектеп формасын таза әрі ұқыпты киіп келуі тиіс.

6.5.4. Үстінгі киімнің қалтасында ақша, ұялы телефон, кілт және басқа да құнды заттарды қалдыруға болмайды. Мұндай жағдайда оларды сынып жетекшісіне тапсырып, арнайы жәшіктерде сақтау қажет.

6.5.5. Мектепте оқушының шашы ұқыпты, көзге оғаш түспейтіндей болып таралған болуы тиіс. Оқушының беторамалы, тарағы болуы қажет.

6.5.6. Оқушы жеке бас гигиенасын сақтауы міндетті. Оқушылардың сыртқы келбетін сынып жетекшісі бақылайды және оларды қарсы алып, осы ережелерге сәйкес талап қояды.

6.5.7. Сабақ басталар алдында оқушылар сабақ кестесімен танысып, қонырауға дейін сыныпқа кіруі тиіс.

6.5.8. Қоныраудан кейін сыныпқа кірген жағдайлар – кешігу болып саналады, ол туралы оқушының электронды күнделігінде белгі қойылады.

6.5.9. Сабаққа жүйелі түрде кешігетін оқушылардың ата-анасы мектеп әкімшілігіне түсініктеме беруге шақырылады және ресми хабарлама жіберіледі.

6.5.10. Оқушылардың мектептен сабақ уақытында шығуына тек ата-анасының немесе заңды өкілдерінің жеке өтініші негізінде ғана рұқсат етіледі. Сабақты қалдырған жағдайда оқушы сынып жетекшісіне дәрігер анықтамасын немесе ата-анасының (заңды өкілдері) түсіндірме жазбасын ұсынуы тиіс. Сабақты себепсіз қалдыруға болмайды.

6.5.11. Сабаққа кешіккен оқушыларды кезекші мұғалім тіркейді және бұл туралы сынып жетекшісіне хабарлайды, сынып жетекшісі электронды күнделікке белгі жасайды. Оқушыны сабақтан босату тек мектеп директорының пән мұғалімі мен сынып жетекшісімен келісімі бойынша ғана жүзеге асырылады.

6.1.12. Оқушылардың оқу процесі кезінде мектептен шығуына рұқсат етілмейді.

6.1.13. Мектеп аумағында бөгде адамдардың кіруіне тек мектеп әкімшілігінің рұқсатымен және келу себебі көрсетілген тіркеуден өткен жағдайда ғана мүмкін болады.

6.1.14. Оқушыларды сабақ аяқталғаннан кейін үйлеріне жіберуді сынып жетекшісі қамтамасыз етеді, сыныптан тыс іс-шаралар жоспарына сәйкес көзделген жағдайлардан басқа уақытта.

6.5.15. Сабақты себепсіз қалдырған және сынып жетекшісіне растайтын құжат ұсынбаған оқушы сабаққа тек ата-анасының мектеп директорының атына жазған жазбаша түсіндірмесінен кейін ғана жіберіледі.

6.5.16. Сабақты белгілі бір уақытта босату кезінде ата-анасының бірі мектеп директорының атына алдын ала (кемінде 3 күн бұрын) жазған өтініш жазады. Бұл жағдайда босатылған сабақтар оқушының өзіндік жұмысы немесе мұғалімдермен жазбаша келісім бойынша қосымша сабақтар арқылы өтелуі тиіс.

6.5.17. Сабақтар кабинет жүйесі бойынша өткізіледі.

6.5.18. Дене шынықтыру сабағына оқушылар спорттық киім мен спорттық аяқ киіммен келуі тиіс. Мұғалімнің рұқсатынсыз спорт залына кіруге болмайды. Дене шынықтырудан босатылған оқушылар да спорт залында міндетті түрде қатысып отырады. Дене шынықтыру мұғалімі киім ауыстыратын бөлмедегі оқушылардың заттарының сақталуына жеке жауап береді. Оқушыларды жалғыз қалдыруға болмайды, барлығы дене шынықтыру мұғалімінің қатысуымен спорт залында болуы тиіс.

6.5.19. Дене шынықтыру, көркем еңбек, информатика пәндерінің мұғалімдері оқушыларды сабақтан тек қоңырауға қарап шығарады. 1-4-сынып оқушылары сабақтан кейін сынып жетекшісіне тапсырылады.

6.5.20. Оқушыларға ыстық тамақ ата-аналардың қаражаты есебінен, сондай-ақ «Жалпы білім беретін мектептерде жекелеген санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерді тегін тамақпен қамтамасыз ету» мемлекеттік қызметі аясында бюджет қаражаты есебінен көрсетілген тәртіпте ұйымдастырылады. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізімі:

— белгіленген нысандағы өтініш (Мемлекеттік қызмет стандартының 2-қосымшасына сәйкес);

— ата-аналардың жеке басын куәландыратын құжат;

— баланың туу туралы куәлігі;

— ата-аналардың некеге тұруы немесе некені бұзу туралы куәлігі;

— мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылар санатындағы қызмет алушылар үшін жергілікті атқарушы органдар беретін, қызмет алушының (отбасының) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті алушыларға жататындығын растайтын анықтама;

— мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, бірақ жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен отбасылардан шыққан қызмет алушылар үшін алынған кірістер туралы мәліметтер (жұмыс істейтін ата-аналардың немесе оларды алмастыратын тұлғалардың жалақысы, кәсіпкерлік және өзге де қызмет түрлерінен түскен табыстар, балаларға және басқа да асырауындағы адамдарға төленетін алимент түріндегі кірістер);

— отбасында тәрбиеленіп жатқан жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар санатындағы қызмет алушылар үшін қамқоршылық және қорғаншылық туралы анықтама.

6.6. Оқушылардың сабақтағы тәртібі

6.6.1. Оқушылар сабаққа міндетті түрде орындалған үй тапсырмасымен келуі тиіс.

6.6.2. Мұғалім сыныпқа кіргенде оқушылар орындарынан тұрып, мұғаліммен аманадасады.

6.6.3. Оқушының орнынан жауап беру тәртібін мұғалім белгілейді.

6.6.4. Жауап беру кезінде оқушы қатты, анық, асықпай сөйлеп, ойын нақты жеткізуге тырысуы керек.

6.6.5. Сабақ үстінде сыбырлап сөйлесуге, көшіруге қатаң түрде тыйым салынады, себебі ол оқу үдерісін бұзып, білімді сапалы меңгеруге кедергі жасайды.

6.6.6. Сұраққа жауап бергісі немесе сұрақ қойғысы келген оқушы міндетті түрде қолын көтеруі тиіс. Өзге тәсілдермен назар аудартуға тыйым салынады.

6.6.7. Оқушылар мұғалімнің түсіндірмесін және сыныптастарының жауаптарын мұқият тыңдап, шуламай, әңгімелеспей, аландамай, сабаққа қатысы жоқ істермен айналыспауы тиіс.

6.6.8. Сабақ уақыты тек білім алуға арналуы керек. Сабақ кезінде өзге әңгімелерге, ойындарға немесе сабаққа қатысы жоқ істерге көңіл бөлуге және өзгелерді аландатуға болмайды.

6.6.9. Сабақ кезінде ұялы телефондар мен оқу процесіне қатысы жоқ басқа құрылғыларды пайдалануға тыйым салынады. Барлық техникалық құралдарды (плеер, құлаққап, ойын құрылғылары және т.б.) өшіру, үстелден алып қою, ұялы телефонды дыбыссыз күйге қою қажет.

6.6.10. Сабаққа кешіккен жағдайда оқушы есікті қағып, сыныпқа кіріп, мұғаліммен амандасып, кешіккені үшін кешірім сұрап, рұқсат алғаннан кейін ғана орнына отырады.

6.6.11. Оқу процесін бұзатын іс-әрекеттер өрескел тәртіп бұзушылық болып есептеледі және ол туралы пән мұғалімі сабақтан кейін мектеп әкімшілігіне жазбаша түрде хабарлайды. Мұндай тәртіп бұзушылық жасаған оқушылар сабақтан кейін мұғалім тарапынан педагог-психологқа, әлеуметтік педагогқа немесе мектеп әкімшілігіне жіберіліп, тиісті шаралар қолданылады.

6.6.12. Оқушылар мұғалімнің ескертулеріне уақытылы әрі дұрыс әрекетпен жауап беруі тиіс.

6.6.13. Сабақтан өз бетімен шығуға тыйым салынады. Сыныптан шығуға тек мұғалім рұқсат береді.

6.6.14. Оқушылар тиісті оқу кабинеттерінде еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі ережелерін білуге және сақтауға міндетті.

6.6.15. Партادا отырған кезде оқушылар денсаулығына зиян келтірмеу үшін дұрыс отыруға көңіл бөлі тиіс.

6.6.16. Алғашқы әскери дайындық, технология және дене шынықтыру сабақтарында оқушылар белгіленген үлгідегі (әскери және спорттық) киім формасын қатаң сақтауы тиіс. Көркем еңбек сабақтарында қыздар алжапқыш пен орамал, ұлдар халат немесе алжапқыш пен жеңқап киіп келуі міндетті.

6.6.17. Сабақтың аяқталғанын білдіретін қоңырау мұғалім үшін соғылады. Сабақтың аяқталғанын тек мұғалім хабарлап, оқушыларға сыныптан шығуға рұқсат береді. Сыныптан шығар алдында оқушылар (кезекшілер) жұмыс орындарын ретке келтіріп, жиһаздың жағдайын тексереді, егер мектеп мүлкіне зақым келсе, бұл туралы пән мұғаліміне хабарлайды.

6.7. Оқушылардың үзіліс кезіндегі тәртібі

6.7.1. Үзіліс кезінде оқушылар кабинеттерді желдету үшін рекреацияларда болуы тиіс.

6.7.2. Оқушылар мектептегі тәртіпті сақтауға жауапты кезекші мұғалімдердің, мектеп қызметкерлерінің және мектеп кезекшілерінің талаптарын орындауға міндетті.

6.7.3. Жарақат алуға немесе мектеп мүлкіне зиян келтіруге әкелетін іс-әрекеттерді жасауға, сондай-ақ басқа оқушылардың тынығуына кедергі жасауға тыйым салынады.

6.7.4. Үзіліс кезінде оқушы өз жұмыс орнын ретке келтіріп, келесі сабаққа дайындалуы тиіс.

6.7.5. Сынып кезекшілері мұғалімге кабинетті келесі сабаққа дайындауға көмектеседі.

6.7.6. Үзіліс кезінде оқушыларға баспалдақтар мен кабаттарда жүгіріп жүруге, еденде немесе терезе алды тақтайшасында отыруға тыйым салынады.

6.7.7. Ұятсыз сөздер айтуға, орынсыз қимылдар көрсетуге, айқайлауға, қатты сөйлеуге және өзгелердің тынығуына кедергі жасауға болмайды.

6.8. Асханада өзін-өзі ұстау тәртібі

6.8.1. Тамақ ішер алдында қолды мұқият жуу керек.

6.8.2. Асханада сатып алынған тағам мен сусынды тек асханада ішуге рұқсат етіледі. Асханадан кез келген тағамды алып шығуға тыйым салынады.

6.8.3. Таңғы ас пен түскі асты алу кезінде кезек сақтау қажет. Асханаға сырт киіммен кіруге болмайды.

6.8.4. Өзін мәдениетті ұстап, жүгірмеу, шуламау, өзгелерге кедергі келтірмеу қажет.

6.8.5. Қауіпсіздік ережелерін сақтау міндетті.

6.9. Сыныптан тыс іс-шаралар кезіндегі тәртіп

6.9.1. Іс-шара өткізілер алдында білім алушыларға қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулық өткізіледі.

6.9.2. Жеке гигиена ережелерін қатаң сақтау, денсаулығының нашарлауы немесе жарақат алғаны туралы жетекшіге уақытылы хабарлау қажет.

6.9.3. Білім алушылар жергілікті дәстүрлерді құрметтеп, табиғатқа, тарих пен мәдениет ескерткіштеріне, жеке және қоғамдық мүлікке ұқыпты қарауы тиіс.

6.10. Оқушылардың қоғамдық орындардағы тәртібі

6.10.1. Қоғамдық орындарда – көшелерде, аулаларда, саябақтарда, мәдениет үйлерінде, клубтарда, стадиондарда, мұз айдындарында, спорт алаңдарында қоғамдық тәртіпті, көше қозғалысы ережелерін қатаң сақтау қажет.

6.10.2. Қоғамдық орындарда оқушы өзін сыпайы, байсалды, мәдениетті ұстауы тиіс. Ол өз бойында өзіне, отбасына, оқу орнына, іс-шараға қатысып отырған мұғаліміне лайықты бейнені көрсететінін есте сақтауы керек. Концерт кезінде қасында отырған адаммен сөйлесуге, ұялы телефонмен сөйлесуге, шулауға тыйым салынады. Әдеп ережелерін сақтап, өзгелерге кедергі келтірмеу қажет. Шара барысында сыртқа шығып кету әдепсіз қылық болғандықтан, іс-шара кезінде орнынан тұрып жүруге болмайды.

6.10.3. Үлкендерге ізетті, қарт адамдарға, мүгедектерге және кішкентай балаларға қамқор болып, қажет жағдайда көмек көрсету керек.

6.10.4. Мемлекеттік және қоғамдық мүлікке ұқыпты қарау қажет.

6.10.5. Көшелерде және қоғамдық орындарда тазалықты сақтау міндетті.

6.10.6. Сыныптастар мен достарын орынсыз әрекеттерден сақтандыруға тырысу керек.

6.11. Балалар мен жасөспірімдерге арналған уақыт шектеулері

- Жасөспірімдер мен балалардың ересектердің карауынсыз, көшеде жүруге сағат 23:00-ге дейін рұқсат етіледі.

- Балалар мен жасөспірімдердің ойын-сауық орындарына баруына сағат 22:00-ге дейін рұқсат етіледі. **БІРАҚ ЗАҢДЫ ӨКІЛДЕРІМЕН БІРГЕ ЖҮРУ МІНДЕТТІ.**

6.12. Үзіліс кезіндегі кезекші оқушылардың міндеттері

6.12.1. Кезекшілік сағат 7:30-да басталып, сабақ кестесіне сәйкес сабақ аяқталғанға дейін жалғасады.

6.12.2. Кезекші оқушылар стендтерді, гүлдерді және басқа жабдықтарды сақтауға, мектеп ішіндегі тәртіпті қадағалауға, дәліздерде тазалық пен тәртіпті сақтауына жауапты.

6.12.3. Ереже бұзылған жағдайлар туралы дереу сынып жетекшісіне хабарлау қажет.

6.12.4. Кезекші оқушылар кезекшілікті кезекші мұғалімге тапсырады.

6.12.5. Апталық кезекшілік есебін дайындап, сынып жиналысында есеп береді.

6.13. Оқушылардың оқу құжаттары

Әр оқушы сабақ кестесіне сәйкес барлық мектеп құралдарын өзімен бірге алып жүруі тиіс.

6.13.1. Бағалау нормалары

6.13.2. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау қалыптастырушы және жиынтық бағалау түрінде жүргізіледі. Қалыптастырушы бағалау, соның ішінде үй тапсырмасы, оқу мақсаттарына жеткендігін бақылау және сабақта сараланған жұмыс ұйымдастыру үшін жүргізіледі. Бұл педагогтің ұсынысы арқылы жазбаша (дәптер немесе күнделік арқылы) немесе ауызша айтылады. Оқушылардың ағымдағы үлгерімін бақылау жиынтық бағалау түрінде жүргізіліп, бөлімдер (өткен тақырыптар) немесе тоқсан соңында оқу материалын меңгеру деңгейін анықтайды. Қалыптастырушы бағалау, бөлімді жиынтық бағалау және тоқсанды жиынтық бағалау нәтижесі бойынша оқушыға ұпайлар қойылып, тоқсандық оқу жетістіктерін бағалауға есепке алынады.

6.13.3. Белгілі себептермен жиынтық бағалау күні сабаққа қатыспаған оқушылар жеке кестеге сәйкес жиынтық бағалаудан өтеді. Егер жиынтық жұмысты ағымдағы тоқсан/жарты жылдық аяқталмай орындамаса, электронды журналда «Уақытша аттестатталмаған» деп белгі қойылады. Суммативті жұмысты орындаған соң тоқсандық/жарты жылдық баға қойылады.

6.14. Оқушылардың жалпы тәртібіне қойылатын талаптар

6.14.1. Мектеп оқушылары үлкендерді құрметтеуге, мұғалімдерге «Сіз» деп, толық аты-жөнін айтып жүгінуге міндетті.

6.14.2. Оқушылар үлкендерге жол беруге, үлкен сынып оқушылары кішіге жол беруге, ұлдар қыздарға жол беруге тиіс.

6.14.3. Мектептен тыс жерлерде оқушылар өз қадір-қасиетін, абыройын және мектеп беделін төмендетпейтіндей мінез көрсетуі керек.

6.14.4. Сөйлеу мәдениетін қадағалап, ана тілін құрметтеу керек.

6.14.5. Мектеп мүлкін сақтап, өзіне де, басқаларға да тиесілі мүлікке абай болу қажет.

6.14.6. Өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау міндетті.

6.14.7. Кезекші немесе мектеп қызметкерлерінің ескертулеріне дұрыс жауап беру қажет.

6.14.8. Үлкендермен сөйлескенде дөрекі мінез көрсетуге, қарсыласуға немесе ашуммен жауап қатуға болмайды.

6.14.9. Оқушылар мектеп мүлкін бүлдіргені үшін жауапкершілікке тартылады (ата-аналарының есебінен материалды жауапкершілікке де).

6.14.10. Оқушылардың белсенді өмірлік ұстанымын ынталандыру мақсатында әртүрлі марапаттау түрлері қолданылады.

6.15. Ұйымдағы оқушыларды марапаттау

6.15.1. Оқушылардың үлгерімі жақсы, тәртібі үлгілі және мектеп өміріне белсенді қатысқаны үшін марапатталады.

6.15.2. Оқушылар марапаттаудың мынадай түрлері қарастырылған:

- алғыс хаттар;
- мадақтамалар;
- марапат қағаздары, грамоталармен марапаттау;
- ата-аналарға алғыс хат жариялау.

6.16. Тәртіп бұзатын жағдайлар

Тәртіп бұзатын жағдайлар – мектептегі оқушылардың мінез-құлық ережелерін бұзатын іс-әрекеттер болып саналады.

Өрескел тәртіп бұзушылықтар болып мынадай іс-әрекеттер саналады:

—Оқушылардың, мектеп қызметкерлерінің немесе мектепке келген азаматтардың өмірі мен денсаулығына зиян келтіру;

—Мектеп мүлкіне, оқушылардың, қызметкерлердің немесе мектепке келетін азаматтардың мүлкіне зиян келтіру;

—Мектеп жұмысының шырқын бұзатын жайттар.

Осы ережелерді орындау оқушыларды тәртіпке үйретеді, сапалы білім алуға ықпал етеді және денсаулықты сақтайды.

Барлық тәртіп бұзушылықтар туралы сынып жетекшісі сол күні ата-аналарға хабарлауға міндетті.

Осы ережелер мектеп ішінде және айналасында оқушыларға, сабақ кезінде де, сабақтан тыс уақытта да қолданылады.

Осы ережелерді бұзған жағдайда оқушыларға мынадай тәртіптік шаралар қолданылуы мүмкін:

- Бала мінез-құлқы туралы ата-аналарға хабарлау;
- Қоршаған ортаға зиянды әрекеттерді тоқтату үшін ата-аналарды мектепке шақыру;
- Материалдық шығынды ата-аналар есебінен өтеу;
- Оқушы мен оның ата-аналарын педагогикалық кеңеске, әкімшілік жиналысқа немесе профилактикалық кеңеске шақыру. Қазақстан Республикасының заңдарын бұзған жағдайда оқушылар мен олардың ата-аналары әкімшілік жауапкершілікке тартылуы мүмкін;

• Мектепшілік есепке қою. Қайталанған тәртіп бұзушылық болған жағдайда, әкімшілік материалды кәмететке толмағандардың құқықтарын қорғау және әкімшілік жауапкершілікке тарту мәселесін шешу үшін комиссияға беру құқығына ие;

• Оқушының барлық тәртіп бұзушылықтары сынып жетекшісі тарапынан жеке ісінде тіркеледі және мектеп шығарған сипаттамаларда көрсетілуі мүмкін.

VII. АТА-АНАЛАРДЫҢ (ЗАҢДЫ ӨКІЛДЕРДІҢ) ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

7.1. Ата-аналар (заңды өкілдер) міндетті:

7.1.1. Балаларының тәрбиесі мен орта жалпы білім алуын қамтамасыз етуге, олардың орта жалпы білім алуына қажетті жағдайларды жасауға, оқушылардың сабаққа қатысуын тұрақты бақылауға жауапкершілік алуға.

7.1.2. Мектепке оқушы туралы қажетті ақпаратты уақтылы беру, оның денсаулығы жайлы анықтама ұсыну, баланың сабаққа қатыспауының себептерін сол күні жазбаша хабарлауға.

7.1.3. Баланың мектепке барар жолда және үйге қайтар жолында қауіпсіздігі мен өмірін сақтауға.

7.1.4. Баланы табысты оқу мен тәрбиелеуге қажетті құралдармен қамтамасыз етуге, соның ішінде спорттық форма (АӨ және ТД пәнінен арнайы киім), көркем еңбекке арналған форманы қамтамасыз етіп беруге.

